

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ
КЕДЕН, ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ КАФЕДРАСЫ



ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР, РЕСЕЙ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ
ҒЫЛЫМДАРЫ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ ЖҰМАГЕЛДІ СӘКЕНҰЛЫ
ЕЛЮБАЕВТЫҢ 70 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ЖӘНЕ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗҰУ-ДЫҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОРНЫҚТЫ ДАМУҒА КӨШУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
САЯСАТЫ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ
05 НАУРЫЗ, 2024 ж.

МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН В УСЛОВИЯХ ПЕРЕХОДА К УСТОЙЧИВОМУ РАЗВИТИЮ»,
ПОСВЯЩЕННОЙ 70-ЛЕТНЕМУ ЮБИЛЕЮ ДОКТОРА ЮРИДИЧЕСКИХ НАУК,
ПРОФЕССОРА, АКАДЕМИКА РОССИЙСКОЙ АКАДЕМИИ ЕСТЕСТВЕННЫХ НАУК
ЕЛЮБАЕВА ЖУМАГЕЛЬДЫ САКЕНОВИЧА
И 90-ЛЕТИЮ КАЗНУ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
05 МАРТА, 2024 г.

Содержание

Құттықтау хат	
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	
Басқарма төрағасы - Ректор, академик Ж. Қ. Түймебаев.....	7
Поздравительный адрес	
Председатель правления – Ректор КазНУ им. аль-Фараби, академик Ж. К. Түймебаев.	8
«Kazakhstan Bar Association» Заң консультанттары Палатасының Төрағасы з. ғ. д., профессор, РЖҒА академигі, Ж. С. Елубаев	
Менің 40 жылдық жеке және кәсіби өмірімдегі 40 тұлға	9
Председатель Палаты юридических консультантов «Kazakhstan Bar Association», д. ю. н., профессор, академик РАЕН, Ж. С. Елубаев	
40 личностей в моей 40-летней личной и профессиональной жизни.....	21
Выступление Декана юридического факультета КазНУ им. аль-Фараби, доктора юридических наук, профессора, академика Национальной Юридической Академии Республики Казахстан Д. Л. Байдельдинова.....	34
Заведующая кафедрой таможенного, финансового и экологического права КазНУ имени аль-Фараби доктор юридических наук, профессор Г. А. Куаналиева	
«Презентация книги Елубаева Ж. С. : «Мысли вслух о праве и жизни».....	38
Абдуганиев У. Х.	
Теневая экономика как угроза экономической безопасности страны.....	43
Абдурашидов Р. И., Калымбек Б.	
Юридическая проверка приобретаемого актива, связанного с правом недропользования.....	47
Абишева М. Н., Қожабек К.	
Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметінің сапасын жетілдіру мәселелері.	53
Алиева Т. И., Тыныбеков С. Т.	
«Зеленая экономика» как основание инновационного и устойчивого развития Республики Казахстан.....	58
Атаханова Г. М., Агибаева К. Ж.	
Халықаралық тәжірибені салыстырмалы талдау шеңберінде жануарларға қатыгездік жасағаны үшін жауапкершілікті талдау.....	61
Ашыралиева Б. С.	
Особенности разрешения индивидуальных трудовых споров по законодательству Республики Казахстан.....	67
Битабарова Ж. А.	
Концепция строгой ответственности в международном праве.....	71
Даулетов Ж. Д.	
Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралудың ұғымы.....	74
Yerezhepkyzy R., Zholmakhan A., Ibragim A.	
On some issues of application by courts of the environmental legislation of the Republic of Kazakhstan.....	79

вторых, учитывая глобальное изменение климата, инвестор обязан соблюдать требования экологического законодательства Республики Казахстан.

Список использованной литературы:

1. Web-сайт Википедии // https://ru.wikipedia.org/wiki/Due_diligence/.
2. Тусупханова С. Due diligence. // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30057121//;
3. Кодекс Республики Казахстан от 27 декабря 2017 года № 125-VI «О недрах и недропользовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 28. 02. 2024 г.)
4. Кодекс Республики Казахстан от 29 октября 2015 года № 375-V «Предпринимательский кодекс Республики Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 11. 02. 2024 г.).
5. Даумов А. «О юридических рисках геологоразведки в Казахстане».
6. Елюбаев Ж. С. «Инвестиционная привлекательность сферы недропользования в Казахстане: проблемы и перспективы».
7. Даумов А «Что нужно знать при покупке нефтяной или горнорудной компании»;
8. Кодекс Республики Казахстан от 27 декабря 2017 года № 125-VI «О недрах и недропользовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 28. 02. 2024 г.).
9. Постановление Специализированного суда по административным правонарушениям города Темиртау по делу №3583–23-00-3/2601.
10. Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях от 5 июля 2014 года № 235-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 11. 02. 2024 г.).
11. Кодекс Республики Казахстан от 2 января 2021 года № 400-VI «Экологический кодекс Республики Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 28. 02. 2024).
12. Даумов А. «О юридических рисках геологоразведки в Казахстане».
13. Земельный кодекс Республики Казахстан от 20 июня 2003 года № 442-II (с изменениями и дополнениями по состоянию на 24. 02. 2024 г.).
14. https://forbes.kz/economy/energysubsoil/o_yuridicheskikh_riskakh_geologorazvedki_v_kazahstane//.

Абишева М. Н.

Әл - Фараби атындағы ҚазҰУ, 2-курс магистранты
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекші: PhD докторы **Қожабек Қ.**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ САПАСЫН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Ұсынылып отырған мақалада Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметінің сапасын жетілдіру мәселелері жан-жақты қарастырылған. Осы мәселеге ғалымдардың көзқарастары талданып, автордың өз пікірі келтіріледі. Сондай-ақ, бұл мақалада сақтандыру қызметін болашақта жетілдіріп, дамыту үшін күрмеуі қалың сұрақтардың бірі исламдық сақтандыру мәселесі де қарастырылған.

Түйін сөздер: сақтандыру, гарар, такафул, қайта сақтандыру, кооперация.

Аннотация. В предлагаемой статье рассмотрены вопросы совершенствования качества страховой деятельности в Республике Казахстан. Анализируются взгляды ученых на этот вопрос и приводится собственное мнение автора. Также в этой статье рассматривается вопрос исламского страхования, который является одним из самых важных вопросов для дальнейшего совершенствования и развития страховой деятельности.

Ключевые слова: страхование, гарар, такафул, перестрахование, кооперация.

Annotation. The proposed article discusses the issues of improving the quality of insurance activities in the Republic of Kazakhstan. The views of scientists on this issue are analyzed and the author's own opinion is given. This article also discusses the issue of Islamic insurance, which is one of the most important issues for further improvement and development of insurance activities.

Keywords: insurance, garar, takaful, reinsurance, cooperation.

Елімізде сақтандыруды дамытудың негізгі мақсаты - мемлекеттің, азаматтардың және шаруашылық жүргізуші субъектілердің мүддесін қорғаудың нақты құралы бола алатын және тұрақты жұмыс істейтін ұлттық сақтандыру нарығын қалыптастыру. Қазіргі заманғы ұлттық сақтандыру жүйесін құру үшін сақтандыру қызметі нарығын жаңа деңгейге көтеру қажет. Бұл қағида Қазақстан Республикасында сақтандыруды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде жүргізіледі. Онда мұндай міндеттерді шешу көзделді:

1) әлеуметтік сақтандыру түрі ретіндегі сақтық қорғауды ұсынудың қағидаларын нақтылау;

2) сақтандыруды қолдау аясын кеңейту және міндетті сақтандыру түрлерін анықтау;

3) сақтандыру нарығының қазіргі заманғы инфрақұрылымын қалыптастыру және оның қатысушыларының - сақтық ұйымы, сақтандыру брокері, сақтық агент, сақтанушы, сақтандырушы, пайда алушы, актуарий, уәкілетті аудиторлық ұйым, өзара сақтандыру қоғамы, сақтандырумен байланысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын өзге де заңды және жеке тұлғалардың қызметін ұйымдастыру үшін жағдай жасау;

4) халықаралық сақтандыруды ескере отырып, сақтық қадағалаудың жүйесін ұйымдастыру;

5) сақтық және қайта сақтандыру ұйымдарының қаржылық орнықтылығы мен төлем қабілеттілігі бойынша талаптарды көшейту;

6) осы заманға сақтандыру технологиясын енгізуге жәрдемдесу;

7) сақтандыру саласында кадрлар даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін ұйымдастыру.

Сақтандыруды дамыту, өз кезегінде заңнамалық базаны, мемлекеттік салық-бюджет және ақша-несие саясатын жетілдіруге, сақтандыру қызметін қадағалау сапасы мен сақтандыру ұйымдары жұмысының сенімділігіне байланысты болады. Қазіргі заманғы сақтандыру нарығының толыққанды жұмыс істеуі, сонымен қатар актуарийлер (сақтық міндеттемелерінің экономикалық-математикалық есеп-қисабы саласындағы мамандар) институтын енгізуді, уәкілетті аудиторлар мен басқа да мамандарға қойылатын тиісті талаптарды қажет етеді.

Қазіргі кезде Қазақстанның сақтық нарығы қатысушыларының ассоциациясы құрылған. Ассоциацияның негізгі міндеттері Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығын дамытудың қолайлы жағдайларын жасау және халықтық сақтандыру мәдениетінің деңгейін арттыру болып табылады.

Сақтандыру қызметін болашақта жетілдіру мәселесінде, күрмеуі қалың сұрақтардың бірі бұл - исламдық сақтандыру. Исламдық сақтандыру – барлық қатысушылардың жарналарын садақа ретінде бір немесе бірнеше қатысушылардың шеккен зиянын толықтай немесе бір бөлігінің орнын толтыру жүйесі. Компанияның рөлі - сақтандыру операцияларын басқару, сақтандыру жарнамаларын инвестициялаумен шектеледі.

Исламдық сақтандыру тұжырымдамасында келесідей негізгі қағидалар бар:

1) Такафулда шектен тыс гарар жоқ – әрбір қатысушы төлеп отыратын жарнаның бір бөлігі қайырымдылық жарна ретінде есептеліп, сақтандыру оқиғасы орын алғанда өтемақы төлеу үшін құрылған арнайы қорға аударды.

2) Төленген жарналар мен олардың бір бөлігі Шариғат бойынша рұқсат етілген операцияларда ғана инвестициялана алады. Кез-келген такафул оператордың құрылтай

шарттарында компанияның инвестициялық қызметінің Шариғат заңдарына сай жүзеге асатындығы туралы көрсетілуі тиіс.

3) Исламдық сақтандырудың басты мақсаты қатысушыларының тәуекелін кепілдендіру болып табылады. Такафул келісім-шартының қатысушы жақтары кепілдік беруші деп, кепілдік берілген тұлға ретінде де танылуы мүмкін.

4) Такафул – бизнес «мудароба» атты табысты болу механизміне негізделіп жұмыс жасайды, ол өз кезегінде коммерциялық сақтандыруда орын алатын пайыздық қатынастардан сақтануға мүмкіндік береді.

5) Такафул – компанияның іскерлік белсенділігін қадағалау Шариғат қадағалау кеңесіне жүктеледі. Бұл кеңес ұйымның жаңа өнімдері мен қызметтерін, жүргізіп отырған операцияларын мұсылмандық құқықтың нормалары мен қағидаларына сай екендігін бақылайды.

6) Исламдық сақтандырудың барлық қатысушы жақтары - ең жоғарғы адалдық қағидасымен ұстануы қажет.

7) Сақтанушылар өз өкілдерін такафул-компанияның директорлар кеңесіне ұсына алады.

8) Такафул келісім-шартында екі жақ туралы, сақтандыру объектісі мен шарттары туралы толық ақпарат беріледі. Мүше жарналары қайырымдылық ретінде қабылданғандықтан, гарар элементі болмайды.

9) Такафул қордың қаражаттары шариғатпен тыйым салынбайтын операцияларда ғана қолданылады.

10) Исламдық сақтандыру тәуекел мен шығындарды қатысушылар арасында бөлуге негізделген.

11) Исламдық сақтандыру - әлеуметтік өзара көмек.

Қазіргі таңда қолданылып жүрген сақтандыру қызметі туралы заңнамада отандық сақтандыру қызметі нарығына шетел инвесторлары және резидент емес сақтандыру брокерлерімен еншілес ұйымдар құру мен республикалық сақтандыру қызметі нарығын дамыту үшін жағымды жағдайлар жасалған. Сақтандыру қызметі дамуының болжамдық көрінісін әзірлеу үрдісінде осы талаптарды ескеру оның рыноктағы күшті және әлсіз жақтарын, даму әлуетін анықтауға мүмкіндік береді. [1, 55 б.].

Осыған орай үш түрлі балама болжамды қарастырып кетуге болады: пессимистік, реалистік және оптимистік. Аталған нұсқаларға дамыған бәсекеге қабілетті сақтандыру қызметін құру үшін стратегиялық мақсаттарға жету механизмдері мен сақтандыру қызметін реттеу жүйесінің дамуына неғұрлым ықтималды үрдіс тән [2, 35 б.]. Алғашқы пессимистік нұсқа: сақтандыру қызметінің дамуын басқару жүйесі құрылымдық өзгеріске ұшырамайды деген пікірді қарастырады. Кейінгі алты-жеті жыл ішінде қолданылып келген сақтандыру қызметін реттеу құралдарын қолдануды жалғастыру саладағы тоқырауға әкеліп, дағдарысқа ұшыратады [3, 19 б.].

1. Пессимистік нұсқаны жүзеге асыру әлеуметтік-экономикалық даму факторлары мен жағдайларының әсеріне ұшырауға әкеледі. Ел экономикасы сыртқы экономикалық құрылымның толық әсеріне түседі. Макроэкономикалық тұрақсыздық сақтандыру қызметінің дұрыс емес дамуына әкеп соқтырады. Ал, бұл өз кезегінде нарықтың даму қарқынының төмендеуіне, даму жағдайларының нашарлауына және сақтандыру қызметінің құрылуы мен қызмет етуіне әлуетті үлкен қатерлердің әсерінің жоғарылауына әкеледі. Өмірді сақтандыру саласы баяу қарқынмен дамып, ағымдағы жағдайда қалуы ықтимал. Осы кезде біздің республикамыз тәжірибе жүзінде сақтық қызмет көрсетулерді толығымен шетелден әкеледі. Нәтижесінде капиталдың мемлекеттен кетуі жүреді. Осы нұсқаның кейбір жағдайларының болуы ықтималдығын естен шығармаған дұрыс. Мысалға алсақ, қазіргі кезде республикада жиналған барлық сақтандыру сыйлықақыларының 60%-ы шетелге қайта сақтандыру сыйлықақылары түрінде кетіп жатыр, яғни жауапкершіліктің 40%-ы ғана ішкі сақтандырушыларға жүктеледі.

Біздің ойымызша, соңғы бес жылда көзделген үрдістің дамуы дәл осы көрініс бойынша жүру ықтималдылығын айтарлықтай төмендетеді. Алайда, егер болашақта сақтандыру қызметін дамытудың прогрессивті әдістері қолданылмаса, онда отандық сақтандыру компанияларының қызметіне кейбір төніп тұрған қауіптер айдан анық.

2. Реалистік көрініс отандық сақтандыру қызметі нарығында қалыптасқан үрдісті толығымен көрсетеді. Болашақтағы оң даму жағдайында мемлекет пен сақтандыру қызметі нарығының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің тұрақты өсуі үрдісін атап айтуға болады. Бұл жерде әрбір экономикада кездесетін оң және теріс үрдіс тепе-теңдігі сақталады. Осыған орай, реалистік болжам негізіне "Қазақстан-2030" стратегиясындағы негізгі пастулаттармен тығыз байланысты сақтандыру қызметі нарығын бағалау алынады. Осы тәсіл сақтандыру саласының дамудың ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарламасы аясындағы саланы басқару және ұйымдастырудың жоғары деңгейіне сатылап өтуін қарастырады. Осындай нақты жағдайлар мен үрдістерді ескере отырып, Қазақстанның сақтандыру қызметі нарығының реалистік үлгісін құру қажет.

3. Сақтандыру қызметінің дамуын тежейтін келеңсіз факторларды бірден атап өту мүмкін емес, сондықтан мақсатты механизмдерді қолдануға біртіндеп көшу кейінгі қайта құруға жағымды жағдай туғызады. Соңғы 5 жыл ішіндегі экономиканың даму қарқынын сақтай отырып, тұрақтылықты көтере отырып, келеңсіз сыртқы факторлардың әсеріне шалдығу әсерлерін төмендете отырып, осы көріністі оптимистік үлгіге жақындатуға болады. Оптимистік көрініс, яғни ол сақтандыру қызметінің үйлесімді дамуына негізделген, ол "Қазақстан-2050" стратегиясымен тығыз байланыста және қазіргі таңдағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялы-индикативті жоспарлары, сонымен қатар сақтандыру және қаржы нарықтарының даму бағдарламасы бізге қаржы нарығының сақтандыру секторының дамуын көрсететін негізгі кезеңдерді осы үлгі бойынша көрсетуге мүмкіндік береді.

Оптимистік көрініс бойынша, сақтандыру қызметінің дамуын басқарудың факторлық-мақсаттық механизмдерін толықтай қолдану мүмкін деп қарастырылады. Осындай мүмкіндіктерге қол жеткізу үшін осы механизмдерді өз еліміздегі сақтандыру қызметін басқару тәжірибесіне енгізу үшін қолайлы жағдай туғызу қажет. Бұл жағдайларға мыналар кіреді:

1) жоғарғы білікті мамандар дайындау және оларды қайта дайындаудан өткізу үшін өте мықты білім беру базасын құру (сақтандыру компанияның менеджері, агенттер, брокерлер, актуарийлер, сэджастерлер, т. б.);

2) сақтандыру компанияларының автоматтандырылған басқару жүйесін енгізу;

3) сақтандыру қызметін дамытудың жаңа қағидаларына көшу, стратегиялық мақсаттардың ішінде қысқа мерзімді мақсаттардың басымдылығынан кету.

Исламдық сақтандыру немесе Такафул (арабша – кепілдікті өзара беру) – өзара түсінушілік пен көмектің, ынтымақтастықтың қағидаларына сүйеніп жұмыс жасайтын, Шарияғат заңдарына сүйенетін мұсылмандық сақтандыру. Өзара көмек (таавун) беру мақсатымен қор мүшелері ерікті жарналарды (табарру) аудара отырып, тәуекелді барлық қатысушылар арасында бөледі. Исламдық сақтандыруда мынадай элементтер болмауы керек:

1) гарар (арабша қауіп-қатер) – сақтандыру келісім-шартында кездейсоқтықтың, түсініксіздіктің, екіұштылықтың артық болуына тыйым салу. Сонымен қатар, гарар Исламда харам саналатын алыпсатарлық тәуекелді білдіреді. Гарар мынадай мөлшерде бола алады: рұқсат етілген гарар (ал-гарар ас-йасир) - шарияғат көзқарасы бойынша рұқсат етілген екіұштылық; аралық гарар (ал-гарар ал-мутавассит) – белгілі бір шарттар қатары орындалса, келісім-шартқа кіреді; шеттен шыққан гарар (ал-гарар ал-касир) – келісім-шарт жарамсыз болып табылады. Ал сақтандыруда:

1) тура гарар – аз мөлшердегі ақшаны (сақтандыру сыйақысы) көп мөлшерге (сақтандыру төлемдері) ауыстыру;

2) жанама гарар – рибаға негізделіп бағалы қағаздарға инвестициялау. Тауарлық мәміле жүзеге асырылу барысында, қарыз кезінде капиталдың өсімі риба болып саналады.

Осыған байланысты, қарыздың мерзімі мен мөлшеріне тәуелді және инвестицияның табысты болуына тәуелсіз алдын-ала анықталған пайыздық қойылым риба түсінігіне дәл келеді.

Майсир - (такафулда құмарлықты білдіреді) сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы қатынастарда орын алады: сақтандыру оқиғасы орын алса – сақтанушы, орын алмаса – сақтандырушы жеңіп шығады. Ол құмарлық – Ислам бойынша харам – тыйым салынған [4,141 б.].

Такафулда сақтанушылардың меншікті қаражаты есебінен өмірде орын алуы мүмкін жағымсыз жағдайларда қаржылық көмек беру мақсатымен арнайы сақтандыру қорын құрады. Егер, сақтанушылардың біреуінде сақтандыру оқиғасы орын алса, шығынның орны ортақ қор есебінен толтырылады. Сол арқылы қор қатысушылары тәуекел мен шығындарды өзара бөліседі.

Сонымен қатар, Ислам қаржысында қалыптасқан сақтандыруға тыйым салынған, өйткені:

1) Екі жақ - сақтандыру компаниясы мен сақтанушы "пайда" тосуда. Сақтандыру жағдайы бола қойғанда: Сақтандыру компаниясы сақтанушыдан алынған сыйақы сақтанушыға төленетін сақтану талабымен асады деп, Сақтанушы сақтандыру компаниясына төлейтін сақтандыру жарнасының мөлшері сақтандыру компаниясы төлейтін сақтану талабынан кем болады деп күтеді, яғни майсир - алыпсатарлық; Сақтанушы сақтандыру компаниясына болары не болмасы белгісіз шығынның орны толтырылады деген уәдесіне байланысты, яғни гарар - екіұштылық.

2) Сақтандыру компаниясы қаржыландыруда қарыздан пайыз алу (Риба) мақсатын көздейді; сондай-ақ тыйым салынған (Харам) салаларына (темекі, арақ-шарап, қару-жарақ, оқ-дәрі өндірістеріне, ойын-сауық құмар ойындарына) қаржыландыруы мүмкін.

Ресейдің белгілі шығыстанушы-ғалымы Р. И. Беккин: "Исламдық сақтандыру (Такафул) концепциясы әртүрлі конфессиялар өкілдерінің көзқарастарына қайшы болмай, қайта экономикалық тіршілікте адамгершіліктен таймау көзқарастарына сай келеді. Әлемде көптеген ислам сақтандыру компанияларының клиенттері мұсылман еместігі кездейсоқ жағдай емес", - деп атап көрсетеді [5, 125 б.]. 2010 жылы әлемде Такафул-компаниялардың саны - 124 және оған қосымша 38 "терезелер"тіркелді. Такафул нарығында жетекші орынды Сауд Арабиясы мен Малайзия иеленеді. Парсы шығанағындағы ең ірі нарық Сауд Арабиясында – 2010 жылы Такафул жарналары 1,7 млрд. АҚШ долларын құрады. Ал Оңтүстік-Шығыс Азиядағы ең ірі нарық Малайзияда орналасқан, 2010 жылы Такафул жарналары 0. 8 млрд. АҚШ доллары көлемінде болды. [6].

Біздің ойымызша, исламдық сақтандырудың елімізде дамуына кедергі келтіретін басты фактор – бұл міндетті сақтандырудан басқа жалпы сақтандырудың тұрғындар арасында кеңінен таралмауы. Көптеген азаматтар сақтандыруды қаржылық құрал ретінде қабылдамайды. Мұның себебі тұрғындардың қаржылық сауаттылығының төмендігінде.

Шетелдік мамандардың айтуы бойынша, қазіргі кезде сақтандыру компанияларының қызметін реттеу моделі Еуропалық Одақта көрсетілген бағыттарға сәйкес болу керек. Қазақстанның сақтандыру қызметінің нарығы осы бағыттарға сәйкес дамуы керек. Олар:

1. Қазақстанның сақтандыру жүйесі тарихи тұрғыдан алғанда дамыған индустриалды елдермен салыстырғанда кейінірек қалыптасты. Әсіресе бұл алшақтық 1918-1988 жылдардағы мемлекеттік сақтандыру монополиясы кезеңінде ұлғая түсті. Ал бүгін біз осы артта қалушылықты женудің алғашқы қадамдарын жасап отырмыз, бұл қадамдар еліміздің ішінде болып жатқан отандық сақтандыру қызметі рыногындағы келеңсіз үдеріс арқылы тежелініп отыр.

2. Қазіргі кезеңде сақтандыру қызметі қай елде болмасын оқшау өмір сүре алмайды, ол үшін қайта сақтандыру арнасы арқылы тәуекелді халықаралық қайта бөлуге қатысу керек. Қазақстан өзінің тарихи және географиялық ерекшеліктерінің арқасында кен өндіру саласында үлкен тәуекелдерге ие болды. Бұл баламалылық қайта сақтандыруды қажет етеді және сол үшін де Қазақстан күннен күнге тәуекелдерді қайта бөлудің дүниежүзілік үдерістеріне қатысуға мәжбүр.

3. Қазіргі таңдағы сақтандыру қызметіне дамыған филиалдары бар, еншілес компаниялар мен әлем елдерінде өкілеттігі бар көптеген халықаралық сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары қатысады. Дәл осы ұйымдар бүгінгі сақтандыру қызметі рыногының таңдаулы көшбасшысы болып отыр. Шетелдік компаниялардың қазақстандық сақтандыру қызметі рыногына енуі жағдайында отандық сақтандырушылар мен шетелдік сақтандырушылар арасында бәсекелестік туған жағдайда, сақтандыру ісін ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесін қолдану өте қажет.

4. Қазіргі кезеңде нарықтық экономиканың жаһандану үдерістерінің салдарынан мемлекеттік реттеу ұлттық сақтандыру жүйесінің шегінен тыс шығып кетеді. Көп жағдайда реттеу қызметі мемлекетаралық деңгейге ауыстырылады. Сақтандыру қызметінің халықаралық рыногына кіру кезеңінде еліміз сақтандыру ісін және оны реттеудің халықаралық стандарттарын енгізудің қажеттілігін сезініп отыр.

5. Шоғырлану үдерісіндегі Қазақстанға, ТМД елдеріне және жақын шетелдерге еуропалық тәжірибені ескеру жөн болады, себебі Еуропалық Одақ бұл күнде шоғырланудың ең мықты түрі болып табылады.

Осы ұсынылған болжамдар қазіргі кезеңдегі үрдістерден туындайды және де ол әр түрлі экономикалық жеке саяси факторлардың әсерінен өзгерістерге ұшырауы ықтимал, бірақ ол өзінің жалпы мазмұны мен мақсатын өзгертпейді. Қазақстан заңнамасына сүйенсек, сақтандыру компанияларының резервтерін орналастырудың негізгі әдістерінің бірі – әр түрлі бағалы қағаздар салымы болып табылады. Барлық дамыған елдерде әр түрлі зейнетақы және инвестициялық қорлармен қатар сақтандыру компаниялары бағалы қағаздар рыногындағы негізгі институционалды инвесторлар болып табылады. Бұл сақтандыру секторындағы компаниялардың ақшаны ұзақ мерзімге сала алу мүмкіндігінен туады, бұл өзі салымдарының тәуекелдігін төмендетудің (азайтудың) кепілі және дәл қазіргі болып жатқан толқуларға ұшырамайтын, ең жоғарғы пайда алудың кепілі болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Сембеков А. К. Страховой потенциал современного рынка страховых услуг Казахстана // Банки Казахстана. - 2004. - № 12. - С. 55-59.
2. Сембеков А. К. Стратегическое управление процессом многовекторного развития рынка страховых услуг // Банки Казахстана. - 2004. - № 3. - С. 35-40.
3. Иванов М., Бутабаева, А. Страховой рынок Казахстана: проблемы и тенденции развития // Рынок ценных бумаг Казахстана. - 2005. - № 1. - С. 19-30.
4. Кочмола К. В. Исламские финансовые институты в мировой финансовой архитектуре // Под ред. д. э. н., проф. Кочмола К. В. - Ростов-на-Дону, 2008. - 280 с.
5. Беккин Р. И. Исламская экономическая модель и современность. - М., 2009 - 225 с.
6. "Ernst & Young" The World Takaful Report 2010. "Zawya" компаниясының мәліметтері [Электрондық ресурс]. - Электрон. мәлімет. - Кіру режимі: www.zawya.org, 2024.

Алиева Т. И., Тыныбеков С. Т.
Казахский национальный университет им. аль-Фараби
г. Алматы, Республика Казахстан
email: tam.m.a@mail.ru

«ЗЕЛЕНАЯ ЭКОНОМИКА» КАК ОСНОВАНИЕ ИННОВАЦИОННОГО И УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация. В последние десятилетия все больше стран сталкивается с проблемами, вызванными неустойчивым развитием и неблагоприятным воздействием на природную